

Есіл ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-2/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 сәуірде № 8545-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 8С-9/4 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 15.09.2023 № 8С-9/4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Есіл ауданында туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелері - болу құнының 5 (бес) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Есіл аудандық мәслихатының төрайымы

А. Адильбаева